

2023-2024 оқу жылындағы «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы бойынша тәлімгердің жасаған жылдық жұмыс есебі.

№8 жалпы орта білім беру мектебінде «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмысын жалғастырды.

Мақсаты: өз ұлтының барлық дәстүрін, тарихын толық меңгерген, ойлау дәрежесі жоғары, өз бетімен шешім қабылдай алатын саналы азамат тәбиелеу жолында, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру.

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының тәлімгері Жұмақан Қ.Б.

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 1 мектеп «Ұланбасы» және оның 2 орынбасары бар. Жас Ұлан құрамы (adpmedu.kz)

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы 7 бағыт бойынша жұмыс жасайды.

Отан

Зерде

Руханият

Салауат

Еңбек

Экоәлем

Жеті жарғы

«Жас Ұлан» ұйымы белсенділерімен 2023-2024 оқу жылына отырыс болып өтті. Жылдық жоспар бекітіліп, әр министрлікке жоспарға сай тапсырмалар берілді.

27 қыркүйек мектепшілік «Ұланбасы-2023» сайлауы өтті. Ұланбасы сайлауының нәтижесі бойынша: Азаматқызы Мадина – 68 ұпай дауыс жинап, Ұланбасы атанды.

Қазан айының жоспарына сай «Эко-селфи» экологиялық фотосайыс өткізілді. Ұланбасы Азаматқызы Мадина көрші карт әженің ауласын жинап көмектесу арқылы, сайысқа Дейін және Кейін фотоларын түсіріп, желіге жүктеді.

«Үстаз-ұлы есім» ұстаздар күніне құттықтау бейнеролігі түсірілді және мектепте мерекелік дәліз мектеп белсенділері және Жас ұландықтардың ұйымдастыруымен өтті.

«Жас Ұлан әлемінде жақсылық жасау» акциясы ұйымдастырылды. Әр тоқсан бойынша осы шара ұйымдастырылуда.

Бірінші жартыжылдықты аяқтау туралы отырыс өтті. Жартыжылдықта өткізілген шаралар бойынша есеп жүргізіліп, әр министрлік бойынша есеп қабылданды.

II-жартыжылдықтың бірінші отырысы болып өтті. Жоспар бекітіліп, жауапты министрлікке іс-шаралар берілді.

Жеңіс күніне арналған бейнероликтер челленджі ұйымдастырылды. Жас Ұландықтар аталған челленджге белсене ат салысты.

19-мамыр «Жас Ұлан» ББЖҰ қатарына қабылдау іс шарасы болып өтті. Іс-шараға «Жас Ұлан» ұйымының қатарында бар оқушылар белсене ат салысты.

[Жас Ұлан 2023-2024 \(acpm.edu.kz\)](http://acpm.edu.kz)

Мектеп директоры м.а.



Н. Жәнімхан